

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№1 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития

Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/QZXY9517>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LGRO3602>

***А. К. Абилкасымова¹, А. Ш. Акжигитова¹, С. С. Әубәкір²**

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

²Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*e-mail: abilkassymova.ak@gmail.com

ТРАНСЛИНГВИЗМДЕГІ ДИСКУРСИВТІ ТӘЖІРИБЕ: ЖАСТАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ТАҢДАУ ТІЛІ

Мақалада транслингвизмдегі дискурсивті тәжірибе талқыланып, жастардың күнделікті қарым-қатынастағы таңдау тілін анықтау және зерттеу әрекеті жасалды. Дискурс соңғы ғылыми жұмыстарда кеңінен қарастырылып жүргенімен, оны әсіресе жастар дискурсы тұрғысынан зерттеу – бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің маңызды тақырыптарының бірі. Ал жастар дискурсындағы транслингвизмнің маңыздылығы жастардың қоғамның тілдік бейнесінің айқын көрінісі ретінде танылуымен түсіндіріледі. Сондықтан мультилингвалды қоғамдағы жастар дискурсында транслингвизмнің орын алуы оны зерттеуге негіз болып табылады.

Зерттеу мақаласында отандық және шетелдік тіл білімі саласындағы дискурс және оның түрлері, жастар дискурсы мен транслингвизм сияқты ұғымдарды зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалды. Олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары, ерекшеліктері аталып, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жүргізілді.

Мақаланың тәжірибелік бөлігінде лингвистикалық аспектіде жастар дискурсындағы транслингвизмді тәжірибе тұрғысынан анықтау үшін сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері талданды. Зерттеудің фокус тобы – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттері, магистранттары, докторанттары және ҚР азаматы ретінде танылған жастар. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – транслингвизмдегі дискурсивті тәжірибедегі

жастардың күнделікті қарым-қатынастағы таңдау тілін анықтау және жастардың тілдік репертуарды қолдануын сипаттау болып табылады.

Кілтті сөздер: дискурс, жастар дискурсы, транслингвизм, билингвизм, мультилингвизм.

Кіріспе

Соңғы онжылдықтарда қазіргі лингвистика тілге деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп, оны қызмет ретінде қарастыра бастады. Бұл – антропоцентристік тіл біліміндегі жүйелік-құрылымдық парадигманың өзгеруіне байланысты, мұнда сөйлеу әрекетінің орындаушысы адам болып табылады. Зерттеулердің коммуникациядағы және психикалық процестерге байланысты тілді қарастыруға баса назар аударуы, қызығушылықтың орталық объект ретінде адамға ауысуы жаңа терминнің – дискурстың пайда болуына әкелді [1].

Э. Д. Сүлейменова дискурсты мәтіндердің, стильдер мен жанрлардың жаңа түрлерінің пайда болуы кезеңінде қарқынды дамып келе жатқан әлемде тіл үйренуді өзектендіретін «қазіргі лингвистиканың негізгі объектілерінің» бірі деп санайды [2, 64-6.]. Б. А. Ахатова дискурсты реципиенттер интерпретациялайтын коммуникативтік әрекеттер нәтижесі ретінде түсіндіреді. Демек, дискурс – коммуникативтік әрекеттің ауызша және жазбаша түріндегі вербальді жемісі болып табылады [3].

Т. Ван Дейк бойынша, дискурс – тілдік форманың мағына мен іс-әрекеттің күрделі бірлігі, ол өз кезегінде коммуникативтік акт тұрғысынан жан-жақты сипатталады [4]. Норман Фэркло дискурсты анықтайтын ең қысқа формула «Дискурс=сөйлеу+мәтін» формуласын ұсынды [5, 60-б.]. Ол сөйлеу мен мәтінді дискурстың екі міндетті аспектісі ретінде көрсетеді. Сөйлеу әрдайым мәтіндік рәсімдеуге жатпайды және мәтін әрдайым «дыбыстала» бермейді. Осылайша, кең мағынада дискурс – бұл жазылатын және айтылатын барлық нәрсе.

Ғалымдар дискурстың түрлерін жанрларға ұқсас жіктеуге бейім (көркем дискурс, публицистикалық, ресми-іскерлік және т.б). Біз жастар дискурсын зерттеу үшін ерекше коммуникативті құбылыс ретінде қарастырып, дискурстың жеке түрі ретінде бөлуді орынды деп санаймыз. Дискурстағы жастардың рөлі мен маңызы, жастар дискурсының ерекшелігі лингвистикада зерттеудің актуалдығын тудырады. Әлемнің барлық елдерінде жастардың бөліну шекаралары әртүрлі. Еуропадағы әлеуметтанулық зерттеулердің көпшілігінде бұл шекаралар 15 жас пен 29 жасқа дейінгі параметрлермен анықталады [6]. Ал Қазақстандағы «жастар» ұғымының жас шегі 14 жас пен 29 жас аралығы болғанымен, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына 2023 жылы енгізілген өзгерістерге сай, еліміздегі жастар ұғымы 35 жасқа дейін ұзартылды [7]. Жас диапазонының өсуімен қатар, жастар саны да 3,7 миллионнан 6 миллионға өскен. Бұл көрсеткіштер біздің зерттеуіміздің фокус тобының қоғамдағы маңыздылығын көрсетеді.

Бүгінгі лингвистикадағы соңғы зерттеулер ішінде ғалымдар арасында қызығушылық тудырып жүрген термин – транслингвизм. Транслингвизм (translanguaging) адамдардың өзара әрекеттесуі кезінде екі тілді қолдануын білдіретін әлі де дамып келе жатқан жалпылама термин болып табылады [8]. О. Гарсиа транслингвизмді билинг адамдар үшін қалыпты қарым-қатынас әдісі деп санайды және транслингвизм – билингілер өздерінің екітілді әлемдерін түсіну үшін қатысатын көптеген дискурсивті тәжірибелер деп қорытындылайды [9]. Вангтың пікірінше, транслингвизм – бұл мультилингвалды сөйлеушінің қарым-қатынаста әртүрлі тілдердің бірегей ерекшелігін қолданатын процесс және бұл қасиет әлеуметтік және саяси белгілері немесе сипаттамалары бар жеке тілдік жүйелер ретінде емес, біртұтас репертуар ретінде қарастырылады [10].

Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты – транслингвизмдегі дискурсивті тәжірибедегі жастардың күнделікті қарым-қатынастағы таңдау тілін анықтау. Мақсатқа сай келесі міндеттер қойылды:

- Жастар дискурсындағы транслингвизм көрінісін анықтау;
- Әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізіп, нәтижелерін талдау.

Сонымен дискурстың, оның ішінде жастар дискурсының зерттеу жұмысының объектісі ретінде қарастырылуы бүгінгі лингвистикалық зерттеулердің маңызды тақырыптарының бірі. Ал жастар дискурсындағы транслингвизмнің маңыздылығына келсек, жастар – бүгінгі қоғамның тілдік бейнесінің айқын көрінісі. Сондықтан мультилингвалды қоғамдағы жастар дискурсында транслингвизмнің орын алуы оны зерттеуге негіз болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Берілген зерттеу жұмысында бақылау әдістері, салыстырмалы әдіс, сонымен қатар, статистикалық, критикалық талдау әдістері қолданылды.

Деректерді жинау кезеңі 2023 жылдың қазанынан 2023 жылдың қарашасына дейін созылды. Сауалнама сұрақтары жастардың меңгерген тіл саны, сол тілдерді дискурста қолдану барысында транслингвизмнің алатын орны мен рөлі, әрі оның қолданыс деңгейін анықтауға; әртүрлі коммуникативтік жағдаяттардағы жастардың тілдік бейімділігін анықтауға негізделіп әзірленді. Сауалнамаға 18–35 жас аралығындағы 200 Қазақстан Республикасының азаматтары, оның ішінде 92-ер, 108-әйел қатысты. Барлық қатысушылардың ана тілі – қазақ тілі. Зерттеудің сапалы деректерін талдау

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің (Астана қ.) және Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің (Ақтөбе қ.) бакалавриат, магистратура, докторантура білім алушылары және жалпы ҚР азаматы ретінде танылған жастар арасында жүргізілген сауалнамаға негізделген. Сауалнама онлайн форматта (Google form-да) жүргізілді. Респонденттер сауалнамаға ақпараттандырылған келісім негізінде қатысты.

Нәтижелер және талқылау

Қатысушыларды зерттеу.

Сауалнама барысында маңызды фактор ретінде респонденттерінің меңгерген тіл саны, жасы және ұлты қарастырылып, олардың мамандығы, діни сенімі, жеке көзқарастары есепке алынбады. Респонденттердің барлығы Қазақстанда дүниеге келген әрі қазіргі таңда ел тұрғындары. Жалпы, транслингвизмді тілдік тәжірибеде қолдану бірнеше тілді, ең азы екі тілді болуды қажет етеді. Осы мәселені ескере отырып, респонденттердің меңгерген тіл санын анықтау маңызы болды. Дегенмен транслингвизм белгілі бір атаулы тілдерде ғана емес, кез келген тілдің тәжірибесінде көрініс табатыны белгілі. Сондықтан нақты қандай тілді немесе тілдерді меңгеруінен тәуелсіз, респонденттердің жалпы білетін тіл санын анықтауға бағытталған сауалнама сұрағының жауаптары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Жастардың меңгерген тіл саны

№	Тіл саны	Респонденттердің саны	
		Санмен	Пайызбен
	Бір (монолинг)	5	2,5 %
	Екі (билинг)	46	23 %
	Үш (үштілді)	100	50 %
	Төрт (полиглот)	39	19,5 %
	Бес немесе одан да көп (мультилинг)	10	5 %

Сауалнама нәтижесі бойынша 200 қатысушының – 2,5 % монолинг, 23 % билинг болса, жартысы, яғни 50 % – үш тілді. Ал респонденттердің 19,5 % төрт тілді және 5 % бес немесе одан көп тілді меңгерген. Бұл көрсеткіштер жастар арасындағы мультилингвизмнің кең тарағанын әрі оның жастардың полилингвизмге деген қызығушылығын сипаттайды.

1а, 1б-диаграммалары транслингвизмнің жастардың сөйлеуі барысында дискурста қолдануын бейнелейді. Сауалнамаға қатысушы респонденттердің барлығына түсінікті болу мақсатында транслингвизмді тілдерді өзара араластыру ұғымы арқылы түсіндірдік. Себебі берілген лингвистикалық ұғым барлығына бірдей түсінікті болмауы ықтимал.

Диаграмма 1 – Транслингвизмнің қолданылу жиілігі

а)



Берілген диаграммадан байқағанымыздай, қазақша сөйлегенде орыс және ағылшын тілін араластырып, ол тілдерді өзара жеке шекараларға бөлмей, өте жиі қолданушылар 21 %, жиі араластырып қолданушылар 36 %, сирек және өте сирек қолданушылар саны сәйкесінше 27 % және 11,5 % құрайды. Ал транслингвизмді тәжірибе жүзінде мүлдем қолданбайтын респонденттер саны 4,5 %. Яғни тек бір тілде сөйлеушілер санына байланысты, басқа тілдерді араластырып сөйлейтіндер саны сәйкесінше аз.

Сонымен қатар ағылшын тілін меңгерген жастар арасында ағылшынша сөйлеу барысында қазақ/орыс тілін араластырып қолданушылар деңгейі төмендегідей (1б-диаграмма):

Диаграмма 1 – Транслингвизмнің қолданылу жиілігі (жалғасы)

б)



Мұндағы нәтижелерге тоқталатын болсақ, ағылшынша сөйлегенде қазақ, орыс тілдерін өте жиі қолданатын жастар саны 21 %, 25,5 % жиі, ал 22 % сирек және 12,5 % респондент өте сирек қолданатындарын айтқан. Ал 19 % сауалнамаға жауап берушілер аталған тілдерді ешқашан өзара араластырып қолданбаймыз деп жауап берген. Бұл көрсеткіш қазақ тілінде сөйлеп жатып, транслингвизмді ешқашан қолданбайтындарға қарағанда әлдеқайда жоғары. Мұннан байқайтынымыз – қазақ тілінде сөйлеу барысында белгілі бір ұғымдарды, түсініктерді, тіпті күнделікті қарым-қатынасқа қатысты сөздерді, тіркестерді, сөйлемдерді айту үшін орыс, ағылшын тілдері кеңінен қолданылады. Керісінше, ағылшын тілінде сөйлеушілер қазақ, орыс тілдерін салыстырмалы түрде сирек қолданады.

Лингвистикалық тұрғыдан жастардың дискурста транслингвизмді қолдануы олардың мүмкіндіктерін кеңейтеді және олардың толық лингвистикалық репертуарларын пайдалануға мүмкіндік береді. Сауалнама барысында жастар арасында транслингвизмнің тәжірибедегі мақсатын анықтау үшін сөйлегенде әңгімелесуші оның ойын, сөзінің мағынасын түсінбегенде, спикер қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерін араластыратыны (транслингвизмді қолданатыны) жөнінде мәлімдеме жасадық. Респонденттердің 31 % бұл мәлімдемемен толықтай келіссе, 56 % келісіп, 7 % келіспейтінін, сонымен қатар, 2 % мүлде келіспеген. Ал 4 % респондент жауап беруге қиналған. Демек, олар өз тілдік тәжірибелерінде транслингвизмді белгілі бір сөздерді түсіндіру мақсатында қолданатындарына сенімсіз. Бұл көрсеткіш сауалнамаға қатысушылардың тілдік репертуарында транслингвизм автоматты түрде жүзеге асады немесе олар транслингвизмді мүлде қолданбайды деген қорытынды жасауымызға негіз болып табылады.

Өз ойын жеткізу нақты жеткізу үшін жастардың транслингвизмді қолдану деңгейін анықтау келесі мәлімдеменінің мақсаты болды. Сөйлеген кезде белгілі бір сөз тілдердің бірінде кездеспесе, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір уақытта араластырып қолдану, яғни транслингвизмді қолдану деңгейі келесі нұсқалардан тұрды:

- а) Жеке сөздерді ғана араластыру
- ә) Тіркестерді араластыру
- б) Тілдерді араластырғанда толық сөйлемдерді қолдану
- с) Жоғарыдағы нұсқаның барлығы
- д) Тілдерді мүлде араластырмау

Респонденттердің 52,5 % сөйлеу барысында жеке сөздерді сөз арасында қолданса, 22,5 % респондент тіркестерді, 5 % толық сөйлемдерді ауыстырып қолданатындықтарын белгілеген. Сонымен қатар 12,5 % жастар барлығын да араластырады екен. Сауалнама жауаптарының нәтижесі жастар дискурсында транслингвизмнің кең тарағанын көрсетеді. Дегенмен жастар

дискурсында транслингвизм жеке сөздер түрінде басымдыққа ие. Сондай-ақ транслингвизмді қолданбайтын респонденттер 7,5 % құрады.

Диаграмма 2 – Транслингвизмнің қолданылуы



Сауалнаманың кезекті сұрағында біз респонденттерден транслингвизмді қолдану барысындағы мақсаттары бойынша үш бағытты ұсындық: саналы түрде қолданатындар 39,2 % құрады. Яғни жастар дискурста транслингвизмді өздері байқап, тілдерді өзара араластыра отырып қолданады екен. Ал сауалнамаға қатысушылардың жартысы 50,8 % сөйлеу барысында сөздерді, тіркестерді, сөйлемдерді қай тілге жататына мән беріп, оларды өзара шекараларға бөлмейді, оларға мән бермейді. Бұл – транслингвизмнің айқын мысалы. Сондай-ақ респонденттердің 10,1 % берілген сұраққа жауап беруге қиналған.

Жалпы, транслингвизмді жастар әртүрлі мақсатта, әртүрлі себеппен өз тілдік тәжірибесінде қолданады. Дегенмен транслингвизмнің тілде көрініс табуы, қолданушының оны меңгеру деңгейіне әсер ететіні белгілі. Бұл мәселені тереңірек зерттеу үшін сауалнамада сөйлеуде қазақ/орыс және ағылшын тілдерін қатар қолдану тілдерді жоғары деңгейде меңгеруді білдіреді деген мәлімдеме ұсындық. Бұл мәлімдемеге респонденттердің 13,5 % толықтай келіссе, 23 % осы идеяны қолдаған. Ал тілдерді өзара араластыру оны жоғары деңгейде меңгеруді білдіретіндігіне сауалнамаға қатысушылардың 38 % келіспеген, сондай-ақ 12,5 % мүлдем келіспей, 13 % респондент нақты жауап беруге қиналған. Осыған керісінше, сөйлеу барысында бірнеше тілді қатар қолдану – сөйлеушінің тілдерді жеткіліксіз меңгеруінің көрінісі дегенге 18,5 % сауалнамаға қатысушы толықтай келіскен және 35,5 % жалпы келіскен. Яғни, осы нәтижеге сүйене отырып,

біз мультилинг жастардың күнделікті дискурста транслингвизмді кеңінен қолдану қалыпты жағдай екенін байқаймыз. Сонымен қатар ол белгілі бір тілді жеткіліксіз меңгеру дегенді білдірмейді. Себебі сөйлеуші көбіне өзі қолданатын тілдердегі сөздерді, тіркестерді, сөйлемдерді араластырып қолдану барысында тілдер арасында қандай да бір шекара қоймайды және оларды еркін қолдана береді. Аталған мәлімдемемен сауалнаманың келіспеймін және мүлде келіспеймін деген нұсқасын респонденттердің 26 % және 13,5 % сәйкесінше таңдаған. Ал 6,5 % респонденттер қандай да бір нұсқаны таңдап, жауап беруге қиналатындықтарын жеткізген.

Диаграмма 3 – Транслингвизмнің тілдерге әсері



Транслингвизмнің тілдерге әсері сипатталған 3-диаграммада сөйлеу кезінде қазақ немесе орыс және ағылшын тілдерін қатар немесе араластырып қолдану тілдерді жетілдіреді деген ұстанымға сауалнамаға қатысушылардың 9% толықтай келісіп, 30% келіскен. Бірақ 41% және 9% сәйкесінше келіспеген және мүлде келіспеген. Ал 11% респондент бұл сұраққа жауап беруге қиналамын деген нұсқаны таңдаған. Яғни респонденттердің басым бөлігі транслингвизмнің тілдерді жетілдірмейді деген ұстанымды қолдаған.

Жоғарыдағы мәлімдемеге керісінше, транслингвизмді қолдану тілдердің әлсіреуіне әкеледі деген ұстанымға респонденттердің 17% толықтай келіссе, жартысынан көбі, яғни 55% келіскен. Бұл ұстанымға 15% сауалнамаға қатысушы келіспейтінін және 6% сауалнамаға қатысушы мүлде келіспейтінін мәлімдеген. Ал 7% респонденттер транслингвизм тілдерді әлсіретеді деген мәлімдемеге жауап беруге қиналамын деген жауап нұсқасын таңдаған.

Сонымен зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мультилингвалды жастар арасында транслингвизмді қолдану кеңінен тараған. Жастар қай тілде сөйлесе

де, транслингвизмді тілдік тәжірибеде қолданатындар басымдылыққа ие. Әрине, транслингвизмді мақсатты түрде тілдің тазалығы үшін немесе әдейі қолданбайтын респонденттер де жоқ емес. Дегенмен олардың сандық үлесі нәтижелер бойынша салыстырмалы түрде азырақ. Қорытындылай келе, жастар дискурсының күнделікті қарым-қатынасында транслингвизм өз рөлі мен маңыздылығына ие және ол жастардың тұтас бір тілдік репертуарының қорында бар деп санауымызға негіз бар.

Қорытынды

Мультилингвалды жастар дискурсындағы транслингвизмнің қолданылуын, оның ерекшеліктерін анықтау және зерттеу әрекеті барысында жастар арасында мультилингвизмге деген көзқарас позитивті және перспективалы түрде танылды. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастар дискурсындағы күнделікті қарым-қатынастағы тәжірибелік тіл – транслингвизм және ол мультилингвалды жастар арасында басымдылыққа ие. Жастар өз тілдік тәжірибелерінде транслингвизмді қолдану мақсаты ретінде белгілі бір сөздерді әңгімелесуші оны түсінбегенде саналы түрде қолданса, 50,8 % респондент оған аса мән бермейтіндігімен бөліскен. Демек, жастардың бұл пайызында транслингвизм автоматты түрде жүзеге асады. Транслингвизм аталған тілдің белгілі бір грамматикалық жүйесі туралы білімінен гөрі, тілді қолданушының тілдік репертуарының тұтастығының көрінісі.

Қорытындылай келе, жастардың транслингвизмді қолдануы белгілі бір тілдегі білімнің жеткіліксіздігінен емес, тұтас тілдік репертуардың болуынан. Бұл – белгілі бір тілді төмен немесе жоғары деңгейде меңгеруінің көрсеткіші емес. Транслингвизм ана тілінде сөйлейтіндердің лингвистикалық репертуарының тұтастығын көрсетеді және бұл лингвистикалық ресурстарды диалогтық және икемді түрде пайдалануға болатын көзқарасты білдіреді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жанабекова, Г. Ж.** Дискурс воздействия и его реализация в речевом общении : дис...канд. филол.наук [Текст]. – Алматы, 2007. – 150 с.

2 **Сулейменова, Э. Д.** Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики // Современные проблемы дискурса : теория и практика // Сборник научных трудов Международной научно-практической конференции Центрально-Азиатской Ассоциации по Деловому Общению (СА АВС) и КазУМОиМЯ им. Абылай хана [Текст]. – Алматы, 2006. – 64 с.

3 **Ахатова, Б. А.** Политический дискурс и языковое сознание [Текст] : монография. – Алматы : Экономика, 2006. – 302 с.

4 **Дейк ван, Т. А.** Язык. Познание. Коммуникация [Текст]. – М., 1989. – 312 с.

5 **Fairclough, N.** Analysing discourse. Textual analysis for social research [Text]. – New York, 2003. – 270 p.

6 Definition of youth // the United Nations web-site [Text] // <http://www.un.org/esa/socdev/documents/youth/fact-sheets/youth-definition.pdf> (қол жеткізу күні 23.01.2013)

7 «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Мәтін] [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300001393>.

8 **Lewis, Gwyn, Jones, Bryn, Baker, Colin.** Translanguaging: Origins and Development from School to Street and Beyond, Educational Research and Evaluation. [Text] // An International Journal on Theory and Practice. – Londres: Routledge, 2012. P. 641–654.

9 **García, Ofelia.** Bilingual Education in the 21st Century. A Global Perspective [Text]. – Oxford : Wiley, 2009. – 45 p.

10 **Wang, R.** New perspectives on translanguaging and education. [Text]. – // In International Journal of Bilingual Education and Bilingualism Taylor & Francis Group, March, 2018. – P. 1–3.

References

1 **Zhanabekova, G. Zh.** Diskurs vozdejstviya i ego realizaciya v rechevom obshhenii : dis...kand. filol.nauk [Discourse of influence and its implementation in speech communication : dissertation of a candidate of philological sciences] [Text]. – Almaty, 2007. – 150 p.

2 **Sulejmenova, E. D.** Diskurs v diskurse kazhastanskoj lingvistiki // Sovremennye problemy diskursa : teoriya i praktika // Sbornik nauchnyh trudov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii Central'no-Aziatskoj Associacii po Delovomu Obshheniyu (CA ABC) i KazUMOiMYa im. Abylaj xana [Discourse in the discourse of Kazakh linguistics // Modern problems of discourse: theory and practice // Collection of scientific papers of the International Scientific and Practical Conference of the Central Asian Association for Business Communication and KazUMOiML named after Abylai Khan] [Text]. – Almaty, 2006. – 64 p.

3 **Ahatova, B. A.** Politicheskij diskurs i yazykovoe soznanie [Political discourse and linguistic consciousness] [Text] : monografiya. – Almaty : Ekonomika, 2006. – 302 p.

4 **Dejk van, T. A.** Yazyk. Poznanie. Kommunikaciya [Language. Cognition. Communication] [Text]. – М., 1989. – 312 p.

5 **Fairclough, N.** Analysing discourse. Textual analysis for social research [Text]. – New York, 2003. – 270 p.

6 Definition of youth // the United Nations web-site [Text] // [Electronic resource]. – <http://www.un.org/esa/socdev/documents/youth/fact-sheets/youth-definition.pdf> (Access date 23.01.2013)

7 «Memleketтік zhastar sayasaty turaly» Kazakstan Respublikasynyn' 2015 zhylgy 9 akpandagy № 285-V Zan'y (2023.01.07. berilgen o'zgerister men tolyktyrularmen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated February 9, 2015 № 285-V «About the State youth policy» (with amendments and additions made on 01.07.2023)] [Text] [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300001393>.

8 **Lewis, Gwyn, Jones, Bryn, Baker, Colin.** Translanguaging : Origins and Development from School to Street and Beyond, Educational Research and Evaluation. [Text]. // An International Journal on Theory and Practice. – Londres : Routledge, 2012. – P. 641–654.

9 **García, Ofelia.** Bilingual Education in the 21st Century. A Global Perspective [Text] – Oxford : Wiley, 2009. – 45 p.

10 **Wang, R.** New perspectives on translanguaging and education, in International Journal of Bilingual Education and Bilingualism [Text]. – Taylor & Francis Group, March, 2018. – P. 1–3.

20.01.23 ж. баспаға түсті.

11.11.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. К. Абилкасымова¹, А. Ш. Акжигитова¹, С. С. Аубакир²*

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

²Карагандинский университет имени Е. А. Букетова, Республика Казахстан, г. Караганда.

Поступило в редакцию 20.01.23.

Поступило с исправлениями 11.11.23.

Принято в печать 25.02.24.

ДИСКУРСИВНАЯ ПРАКТИКА В ТРАНСЛИНГВИЗМЕ: ВЫБОР ЯЗЫКА МОЛОДЕЖИ В ПОВСЕДНЕВНОМ ОБЩЕНИИ

В статье обсуждается дискурсивный опыт транслингвизма и делается попытка определить и изучить язык выбора молодежи в повседневном общении. Хотя проблема дискурса широко рассматривается в последних научных работах, его изучение, особенно с точки зрения молодежного дискурса, является одной из актуальных тем современных социолингвистических исследований. А важность транслингвизма в молодежном дискурсе объясняется признанием молодежи как индикатора в проявлении языкового образа социума. Поэтому наличие транслингвизма в молодежном дискурсе в мультилингвальном обществе является основанием для его более глубокого изучения.

В исследовательской статье представлен обзор научных трудов ученых, изучавших такие понятия, как дискурс и его виды в области отечественного и зарубежного языкознания, молодежный дискурс и транслингвизм. Были отмечены их различия и сходства, особенности, проведено сравнительно-сопоставительное исследование.

В практической части статьи был проведен социолингвистический опрос для выявления транслингвизма в молодежном дискурсе и проанализированы его результаты. Фокус-группа исследования – студенты, магистранты, докторанты Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова и представители молодого поколения, которые являются гражданами РК. Основная цель исследовательской работы состоит в том, чтобы определить наиболее часто выбираемый язык среди молодежи в повседневной дискурсивной практике и описать использование языкового репертуара.

Ключевые слова: дискурс, молодежный дискурс, транслингвизм, билингвизм, мультилингвизм.

*A. K. Abilkassymova¹, A. Sh. Akzhigitova¹, S. S. Aubakir²

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

²E. A. Buketov Karaganda University,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Received 20.01.23.

Received in revised form 11.11.23.

Accepted for publication 25.02.24.

DISCURSIVE PRACTICE IN TRANSLANGUAGING: YOUTH LANGUAGE CHOICE IN DAILY COMMUNICATION

The article discusses the discursive experience of translanguaging and attempts to identify and study the language choice of young people in everyday communication. Although discourse is widely considered in recent scientific works, its study, especially from the point of view of youth discourse, is one of the most important topics of modern linguistic research. And the importance of translanguaging in youth discourse is explained by the recognition of youth as a clear manifestation of the linguistic image of society. Therefore, the presence of translanguaging in youth discourse in a multilingual society is the basis for its study.

The research article presents an overview of the scientific works of scientists who have studied such concepts as discourse and its types in Kazakhstani and foreign linguistics, youth discourse and translanguaging. Their differences and similarities, peculiarities were noted, and a comparative-contrastive study was conducted.

In the practical part of the article, a sociolinguistic survey was conducted to define translanguaging in youth discourse and its results were analyzed. The focus group of the study includes students, master students, doctoral students of Eurasian National University named after L. N. Gumilev, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov and young people who are citizens of the Republic of Kazakhstan. The main purpose of the research is to identify the language choice among young people in the everyday discursive practice and to describe the use of their language repertoire.

Keywords: discourse, youth discourse, translanguaging, bilingualism, multilingualism.

Теруге 26.02.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,58 МБ RAM

Шартты баспа табағы 28,72. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4201

Сдано в набор 26.02.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

3,58 МБ RAM

Усл. печ. л. 28,72. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4201

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz